

Хромтау ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 271 шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24382 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Хромтау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Хромтау ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Хромтау аудандық
мәслихатының төрағасы

Э. Б. Болатов

Хромтау аудандақ
мәслихатының 2024 жылғы
"24" желтоқсандағы № 271
шешіміне қосымша

Хромтау ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Жинақталу нормасы	Есептік бірлігі	ҚТҚ бойынша қызметтердің құны (ҚҚС-сыз теңге)			Барлығы (ҚҚС-сыз теңге)
			Жинау және тасымалдау	Көму	Сұрыптау	
Абаттандырылған үй иелігі	1,71	Айына 1 тұрғыннан	258,61	89,49	50,08	398,18
Абаттандырылмаған үй иелігі	1,80		272,22	94,21	52,71	419,14
Жеке және заңды тұлғалар үшін						

бірлігіне көлеміне) жылдық тариф	(-	1 м3	1 814,86	628,01	351,41	2 794,27
---	-----	------	----------	--------	--------	----------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК